

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі
Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік Университеті

СӨЖ №1

Тақырып: Ойын психологиялық
феномен ретінде

Орындаған: Даулетбекова А. Ж

Тексерген: Кулмышева Н. А

Семей, 2015ж

Жоспар

- Ойын дегеніміз не?
- Ойын туралы жалпы түсінік
- Баланың логикалық ойлауының дамуындағы ойынның ролі
- Ойынның түрлері
- Қорытынды

Ойын дегеніміз?



- **Ойын** – баланың мектепке барғанға дейінгі ең басты жұмысы. Түрлі ойын баланың рухани және дене күші жағынан, танымдық үрдістері, эстетикалық талғамы жағынан жетілдіреді, тәртіптілікке шақырады, айналасын тануға көмектеседі. Бала ойында **күштілік, шапшаңдық, төзімділік, айлакерлік сияқты дене қасиеттеріне дағдыланады,** денсаулығы нығаяды.

Ойын туралы жалпы түсінік

ОЙЫН???

*Халықтың баланы әдептілікке,
сауаттылыққа баулитын
құралдың бірі.*

Балалардың оқуға,
еңбекке деген
белсенділігін
арттырудағы басты
құрал.

*Балалар үшін
айналадағы
танып, білу
тәсілі.*

Бала әрекетінің
негізгі түрі

Жаттығу, ол
арқылы бала
өмірге әзірленеді

Баланың логикалық ойлауының дамуындағы

- Ойын – бала әрекетінің бір бөлігі.
- Балалардың ойлауын, қиялын, сөйлеуін дамыту үшін түрлі ережелер мен ойнайтын ойындардың да үлкен дидактикалық мәні бар.
- Бір ойын түрі ойлауы мен қабылдауын жетілдірсе, ал екіншісі ойлау қабілетін, үшіншісі есте сақтау қабілетін жетілдіреді.
- А.С.Макаренконың айтуынша, ойында баланың физикалық, психологиялық қасиеттерінің сапалары да өзгеріп отырады.

ойынның ролі

Ойын түрлері





Мазмұнды-бейнелі ойынның ерекшелігі: оны балалардың өздері жасауында, ал ойын қызметі айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін.

Құрылыс ойынында бала сызық бойына әдемі үй құрылысын жасап, оның бояуларының бір-бірімен келісімді болуын қадағалайды.





Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді.

Қимыл-қозғалыс ойынында балалар санамақтар, өлеңдер, тақпақтар қолданады. Бұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық, достық, жолдастық көмек, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты



Қорытынды

- Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең, өсіп – жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Жұмысымды В. Сухомлинскийдің мына бір сөздерімен қорытындылағым келіп отыр. «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.

Назарларыңызға
рахмет!!!

